

Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 858 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 226 бұйрығын қараңыз.

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 36) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақы төлеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
2014 жылғы 31 шілдедегі
№ 858 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов
Республикасы

Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидалары

1. Осы Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидалары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының (бұдан әрі – құтқарушылар) сыныптылығына үстемеақылар

төлеу тәртібін айқындайды.

2. Аттестаттау барысында сыныптылық берілген, сондай-ақ қайта аттестаттау барысында оны растаған құтқарушыларға, базалық лауазымдық жалақыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде үстемақы төленеді.

3. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары басшысының сыныптық біліктілік беру туралы бұйрығының негізінде жүргізіледі.

4. Құтқарушыларға сыныптылығына үстемеақылар төлеу сәйкес жылға республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.